



3-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Таралуы әртүрлі арналар мәтіні. Бас
редактор болмасаң да, ұқсап бақ





I.

Армысыздар! Бұл жолы Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» кітабындағы хабар тарату арналарын жіктеу және сол жіктеуге қатысты мәтін жазу ерекшеліктері сөз болады.

Ақпарат құралына мәтін жазатын маман режиссер және редакторлармен тығыз байланыс орнатады. Ол мәтін алты сағаттық мини-сериалға арналса да немесе 30 секундтық ролик болса да жауапкершілік бірдей. Тіпті киберәлемге арналған спамның өзіне де екі жақтың ынтымақтастығы қажет.

Бейне немесе дыбыстық көрініс үшін мәтін жазып отырғаныңызда сіз оны өндіріске шығарудағы маңызды тәсілдерді жетік білуіңіз керек. Мұның өзі сценарий жазуды оңайлатады әрі жақсартады. Бір сәттен екінші көрініске ауысқанда қандай терминдерді қолдану керектігін білген жөн. Веб-сайттың неден тұратынын оған мәтін жазбастан бұрын аңғарып алу керек.

Роберт Хиллиард мырзаның жазуынша медиа технологиядағы жаңалықтардың шеті мен шегі болмайды. Бірнеше жыл бұрынғы жаңа өлшемдер ескіріп жатады. Дәстүрлі технология тегіс компьютер мен айфонға көшіп алды. Мұндай кезде автор яғни мәтін жазушы технологияның ақпарат құралына жасап отырған өзгерістерін жетік білгені әрі онымен бір қатарда жүргені жөн.

Көрсеткіштер кабельдік немесе спутниктік телевидение дәстүрлі жолмен хабар таратып отырған арналардан өзгеше деп ойлауы мүмкін. Шындығында бар мәселе олардың хабарды сіздің үйге дейінгі жеткізетін тәсілінде ғана. Мәтінге материал жинау мен оның өзін жазу бұрынғы ұстанымдардан ауытқыған жоқ. Бірақ мәтіндерді жүйеге түсіру ісі автордың жаңа жағдайға бейімделуін талап етіп жатыр.

Айталық, басқа жақта қалыбы жасалған, енді соны сол студия, сол безендіру қалпында қайталау арқылы жергілікті жерде жасайтын яғни франшиза аталатын кабельдік арналар жеткілікті. Олар мазмұны өздерінікі, бірақ үлгісі басқа жақтан алынған хабарлар жасауға міндетті. Бұл бағдарламалардың түрі мен мазмұны үшін жартылай маманданған жазармандар керек. Өйткені, олар бір ғана тақырыптық бағытты негізге алады. Әрі мұндай бағдарламалар айрықша мүддесі бар топтарға ғана арналады. Автор бұл франшиза өндірісіндегі шектеулерден хабардар болуы керек. Оған көсіліп еркін жазудың, өзінің көзқарасын байқатудың қажеті шамалы.

Керісінше кабельдік немесе спутниктік арналарды көру үшін абоненттік төлем қажет. Сол ақшаны төлеген жазылушылар арнадан оқиғасы мен көрінісі бай және мәдени сұранысы жоғары бағдарламаларды талап етеді. Мұндай жағдайда мәтін жазушы да осы жоғары талапты бірден ескереді.

Телевидениеде деректі немесе көбікті фильмдер жасау үшін авторға өндірістің барлық құйтырқы жетістіктерін білу міндет емес. Оның студиямен немесе басқадай түсіру орнымен жете таныс болғаны ғана маңызды. Дайын өнімді телевидение қандай тәсілмен көрсетеді дегенге басын ауыртпайды.

Роберт Хиллиард мырзаның ойынша мәтін жазушы компьютерлік редакциялауды, арнайы бейне эффектілерді және дыбыстық шуларды білсе жеткілікті.

Телевизиялық студиялар өз аумақтары мен жарақтандырулары арқылы бір-бірінен ерекшеленеді. Сценарий жазушы сол студияның аумағы мен мүмкіндігін білуі тиіс. Мұнда қанша техника сияды, камералар қалай қозғалады? Жарық қаншалықты көп беріледі дегендей өзіне қажетті мәліметтерді алып, бәрін көзбен көріп шығады. Сценарийдің алғашқы нұсқасында-ақ автор өз ойын бейнеге түсіру үшін қаншалықты техникалық мүмкіндік барын ескереді. Әрі студияда нені істеуге болады, ал не істелінбейді оны да ойлап, өз көзімен көріп содан кейін түпкілікті жазуға отырады.

Камералардың қаншалықты қозғалуы әрі фокуске алу мүмкіндігі сценарий барысында ескеріледі.

Жарнама түсіргенде шұғыл драмалық кимылдар болуы мүмкін деп жазылған Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында. Ал жаңалықтарға сюжет түсіру үшін операторлар кеңінен қамтитын объективі бар камера қолданады. Демек автордың сол кездегі сөздері де оқиғаның ауқымды панорамасын беретіндей кең масштабта жазылғаны ләзім.

Сценарийдегі сөздерді жазу кезінде автор телевизиядағы ірі, орта және жалпы көріністерді көзге елестеуі керек.

Бейне эффектілерден басқа сценарий жазушы дыбыстық мүмкіндіктерді алдын ала ескереді. Студия, камераның алдында жоқ дыбыстар монтаж барысында қосылуға хақылы. Тек оны сценарийде ескерген дұрыс. Ал дыбыс кадрді түсіру барысында шықса оның қайдан пайда болғаны көрсету міндетті. Осымен біз үшінші дәрісімізде Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабын жасалған сілтемелерді аяқтап, одан әрі өзіміздің ұлттық журналистикаға қажетті ойлармызды жалғастырамыз.



II.

Әрбір жас журналист «болашақта мен бір телеарнаның немесе басылымның бас редакторы боламын» деп өзін осы күрделі іске баули беруі керек. Бұл мансап қуу емес, мамандықтың тереңіне бойлау.

Қазақ ертегісін білетін шығарсыздар. Сырттандар туралы. Болашақ жігіттің сырттаны болатын баланы қасқырдың сырттаны қуады. Онымен иттің сырттаны айқасады. Ал бала жылқы ішіндегі қотыр тайға мініп қашады. Қасқыр қуа бередеі, қуа береді. Қотыр тайдың тұлпар екені сонда аңғарылады. Ол жылқы ішінде жүргенде өзін осы болашақ үлкен дүбірлі жарысқа жаратады екен. Іштей, ешкімге білдірмей. Міне, журналист те өзін осылай жас кезінен іштей бжарату керек. Ешкім бірден оқу бітіре сала телеарнаның директоры немесе газеттің бас редакторы бола салмайды. Бұл мансапқа жылдар өте қол жеткізеді. Бірақ оған жас кезден іштей дайындық болуы керек. Әлгі ертегідегі қотыр тай сияқты.

Шынында, телевизия тартымды болуы мен газеттің сауатты шығуы ең алдымен бас редакторға байланысты. Сюжеттің немесе мақаланың неге арналуын анықтаудан бастап, қай күнге дайын болады, географиясы қайдан, авторы кім, тақырыбы қалай қойылады және көлемі қаншалықты деген сұрақтардың бәрін жедел ұйымдастырады немесе шешеді. Тілшінің немесе сырт жақтағы автордың жазғанын оқиды. Ең үлкен жауапкершілік осы тұста. Болашақ бас редактор боламын деген журналист қазақ тілін үздік білуі керек. Оған бұл да аздық етеері анық. Елдің, әлемнің географиясы мен тарихын түнгі ұйқыда түртіп қалса, атып тұрып айтып беретіндей дәрежеде меңгеруі керек. Ғалым мен экономиканың, әлеуметтік өмірдің, өнердің барлық саласынан хабардар болсын.

Бұл да аздық етеді. Ең бастысы өзінің алдына келген әрбір мақаланың тағдырын шешетін, өзгертетін білікті болуы тиіс. Баяғыда жазушы Қалихан Ысқақов ауылдағы бір әйел кейіпкерінің аузына «үнді шайы мен грузин шайын мен де айыра аламын» деген сөз салып еді. Сол айтпақшы, болашақ бас редактор әрбір мақаланың сапасы мен салмағын бір оқығанда-ақ білетіндей деңгейге жеткені жөн.

Өз өмірімізде бірнеше бас редактордың өнегесін көрдік. Соның ішінде өткен ғасырдың сексенінші жылдары «Лениншіл жас» газетінде Сейдахмет Бердіқұловтың, «Егемен Қазақстан» газетінде Шерхан Мұртаза мен Әбіш Кекілбайдың, «Түркістан» апталық газетінде Қалтай Мұхамеджановтың өнегесін көріп, сол ұстаздардан тәрбие алдық. Редакторлық деген қандай болмағын түптеп келгенде осы тұлғалардан үйрендік.

Ең кейінгі бас редакторымыз Қалтай Мұхамеджанов туралы ең алдымен айтып кетелік. Алғаш рет біз ол кісімен жүзбе-жүз «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім бастығы болып жүргенде түнгі кезекшілікте сөйлестік. Онда Қалтай ағамыз «Ара» - «Шмель» журналының бас редакторы. Сол түнгі кезекшілікте Қалтай ағаның бір беттік мақаласы беттеліп жатты. Ертесінде «Егемен Қазақстанның» нөмірін бүкіл Қазақстан іздеп жүріп оқыды. Онда Қалай ағамыздың «Ақиқатқа жүгінейік, аға» атты мақаласы жарияланған. Мақалада сол тұстағы академик Ісмет Кеңесбаевтың «орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе берілсін» деген пікірі өткір сынға алынған. Бұл мүйізі қарағайдай академикке бүкіл көпшіліктің атынан айтылған ащы да болса шындық жауап еді.

Осы мақаладағы Кеңесбаевтың бір сөзіне қатысты «мой народ дегеніңіз – қай народ» деген мысқылы ел ішінде мәтелге айналып кетті. Мұндай тапқыр тіркес тек Қал-ағаға тән еді.

Өте кеңқолтық кісі ғой. «Түркістан» газетінде бас редактор болып тұрғанында өзінің орынбасарларына, яғни біздерге сенетін. Кейде сол шектен тыс сенімі аяғына кедергі болып шалынатын. Бір мысалын келтірейік. Ол кісі Алматы қаласының әкімі Шалбай Құлмахановтың қабылдауына бару үшін келіседі. Тек бұл келісімі жөнінде өзінің орынбасарларын ескертпейді. Әрі өзі басқаратын газетте не шығып жатқанына соншалықты көңіл бөлмейді. Нәтижесі не болды? Қал-ағаң әкім Құлмахановқа кіретін күні газеттің бірінші бетіне сол әкімді сынаған мақала шығады. Орынбасарларының бірі оқып, қол қойған. Қал-ағаң болса, оны білмей де қалған. Бір жақсы жері – әкімге кіретін болдым деп, оны мақтатқан мақала да дайындатпағаны. Өмір қалай, сол кезде «Түркістан» газеті сол өмірдің өзіндік айнасы еді. Немесе Қалекеннің өзі қалай жүрді, сол кездегі газеті де солай шықты деп түйіндеген жөн. Ол кісінің жүзі жарқын болатын. Айналаға жайдары қарап, жақсы әзіл, көрікті күлкіні жанынан серік етті. Шығарған газетінің де жарқын болғаны сондықтан. Бұдан туындайтын қорытынды – газеттің немесес телеарнаның басшысы қандай болса, соның мінезі өзі ақпарат құралдарынан байқалып тұрмақ. Қай басылым немесе етлеарна басшылық ауысса, біртіндеп ақпарат құралының бағыты да өзгере бастайтынын аңғару қиын емес. Бұған мысал жеткілікті.

«Жас Алаш» газетінің тігінділерін тауып, екінші жылдардың ең басындағы Нұртөре Жүсіп басқарған кезең мен одан кейін Рысбек Сәрсенбайұлы басқарған кезеңді салыстырған зертеушінің



көзі бұған анық жетер еді. Ол екі бас редактордың уақытында Қазақстанның саяси бағыты өзгермеді. Өзіндік жолдан ауықмады. Мемлекеттің басшылығы да, оның идеологиясы да, саясаттағы көзқарасы да бір қалыпта тұрды. Ал газеттің бетіндегі мақалалардың сипаты, тақырыптары, оны берудегі мәнері бұрынғыдан қатқылданып кеткенін аңғарудың еш қиындығы жоқ. Демек мәселе неде, бас редактордың мінезінде.

Оның мінезі, ұстанымы кейде біртіндеп, кейде дереу газетінің бетінен байқала бастайды.

Енді Қалтай Мұхамеджанов ағамызға қайта оралайық. Біз ол кісі «Түркістан» газетінде орынбасар болып тұрғанда бірер жыл орынбасары қызметін атқардық. Сонда бас редактор газеттің бетінде не шыққанын сарапқа салудан бұрын өмірлік сабағы мол әңгімелерді көп айтатын. Әрі оны өзінің мәнеріне салып кісіні күлдіріп жеткізетін. Жай сөздерінің өзінде анау-мынау тілші мен жазушының қаламына қанша қиналса ілікпейтін теңеулер мен күлкілі салыстырулар өріп жүретін. Алдына келген бір адам туралы айтып отырып, «мұрнының өзі «Москвичке» гараж болғандай» дей салатын. Басқа жазушы-журналистер болса «мұрны дәу екен» дер еді. Әрі кеткенде «мұрны қолағаштай екен» деумен тынар еді. Қал-ағаң жарықтықтың күліп отырып қаналмай еркін айтатын сөзін басқалар он ойланып, мың толғанып та таппасына кепілміз. Бірде балалық шағын айтып отырғанда «мектепке барарда бақайымыздың арасына бидай өсіп кететін» десін. «Жалаңаяқ өстік» немесе «мекетпке барғанда аяғымызда аяқ киім де жоқ еді» дегенді мынадай теңеумен жеткізу Қалтайдан басқа кімнің қолынан келер еді.

Сөйте тұра әлгі керемет әңгімелерін, ойлары мен сөздерін қағазға түсіру жағын еш құнттамады. Айтылды, қалды. Кейін өзі өмірден өткен соң бүкіл шығармаларын жинағанда үш-ақ том болды. Өмірінің алғашқы бөлігінде жазған драматургиясы, сосын театр мен киноға қатсты сын мақалалары және әрікімдердің мерейтойына айналған мақалалар. Ал қарымы, қабілеті, білімі мен көргені үш том не, отыз томға жетерлік еді. Бұған шығатын қорытынды журналист бол, жазушы бол, бәрібір не десең де ауызекі сөзге көп үйір болмай, барынша жазып қалдыруға тырыс. Қалтай ағаның тағдырынан соң осындай түйінге тоқтағанбыз.

Шерхан Мұртазаның қарамағында қызмет атқарып тұрған жылдардың басында газетіміз «Социалистік Қазақстан» аталатын. Тәуелсіздік қолға әлі тимей тұрған шақта Шерхан ағамыз сол кездегі партияның Орталық Комитетіне дәлелдеп жүріп, газет атын «Егеменді Қазақстан» деп өзгертті. Сосын «ді» жалғауын алып тастап, қазіргі атауы «Егемен Қазақстан» деп шығарды.

Шерхан аға бас редактор қызметіне бекіп келгенде газетінің насихат бөлімінде аға тілшісі ретінде өзіміз жауапты төрт-бес рубриkanың бірі «Мүйізді мүйіс» атты айдардың кезекті топтамасын әзірлегенбіз. Кезекті топтама бөлім бастығынан, ол бөлімді оқитын редактордың орынбасарынан кідірмей өтіп, секретариаттағы «қорға» түсті. Сәті келген күні макетке салынды. Макет бекітілуге бас редакторға кеткен. Сәлден соң «Мұртазаев» шақырады» деген шұғыл хабар жетті.

Шақырған соң, кірдік.

– «Мүйізді мүйіс» деген сөз бола ма? – деп мұртын қайшылады жаңа бастық.

Шыны керек, бұл тіркес өзімізге де ұнамайтын. Алдымызда қызмет атқарып, өсіп кеткен аға тілшіден мұраға қалған рубрика еді. Түсіндіріп жатпай, сөздің аяғын тостық.

– Сатиралық айдардың аты былай болады, – деді де, Шер-ағаң макеттегі «Мүйізді мүйісті» белінен бір сызып, үстіне қара сиямен баттитып «Мүйізтұмсық» деп жазды. Мына тапқырлыққа қалай риза болмассың. Табан астында бүкіл редакцияның бірнеше жыл сарсаңға түссе де, илеуін қандыра алмаған айдарының атын қойып бере салды!

Бірде тағы суыт шақырды. Шерхан Мұртаза облыстық газеттердің поштамен жаңа келген нөмірлерін асықпай оқып отыр екен. Біз кіргенде кезекті газетті былай тастады да, жеке шығарып қойған біреуін қолымызға ұстатты.

– Мә, оқы!

«Семей таңы» газеті екен. Онда облыстық газет дәрежесі бар басылым. Сол нөміріне аты белгісіз Тыныштықбек деген жас ақынның топтама өлеңдері жарияланған екен. Бас редактор соның бірі: «Қара дала» деген өлеңді қызыл қарындашпен баттитып қоршап қойыпты.

Оқыдық. Полигонның қасіреті туралы сұмдық сурет екен. «Қара дала» дегені – Семей ядролық сынақ полигоны. Ол кезде Шерхан Мұртаза өзі бас болып полигонды жабу туралы халық пікірін күн сайын жариялап жатқанбыз. Әрі Абыралы ауданын ашу туралы талапты қойып келеміз. «Абыралыны қайта ашу – полигонның тамағына тас тығылту» дегенді бас редактор бір лездемеде айтқан. Осы теңеу ерекше әсерімен әлі санамызда сақталып тұр.

«Қара даланың» әрбір жолы бірден миымызға құйылып, өз-өзінен жатталып қалды.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Таралуы әртүрлі арналар мәтіні. Бас редактор болмасаң да, ұқсап бақ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

- Қалай?
- Керемет!
- Керемет болса, осыны ертеңгі нөмірге көшіріп басуды тапсырамын.

Дәл осы бұйрығы – республикалық газеттің облыстағы бауырларына қатысты үшінші тың қадамы. Бұған дейін облыстағы газеттер республикалық газеттерді ара-тұра көшіріп басуды өздерінің парызы санайтын. Сөйтіп, кішіліктерін мойындайтын. Ал республикалық газет облыстық газеттегі мақаланы қайта жариялап көрмеген. Көшіріп басса абыройы кеміп, намысы қорланып қалады деп санайтын.

«Семей таңындағы» өлеңді «Егемен Қазақстанға» көшіріп бастық. Бұл бұған дейін қолдан жасалған астамшылықтың, өгейсіп қараған өктемдіктің тоңы мен мұзын бұзып өткен сел сияқты болды.

Сол заманда қазақ жастарының Кеңес Одағы армиясынан қашуы етек алды. Кеңес Одағының кенеуі кеткенде әскері қожырады. Әлімжеттік жай емес, шовинистік пиғылдағы әрекеттерге айналды. Бір күні «Мәскеу түбінен жиырма шақты бала бірден қашып келіпті. Және басқа ешқайда бармай, біздің редакция ғимаратының бірінші қабатын паналады. Дереву мақала жаздық. Ертесінде Әскери комиссариаттан өкілдер келді. Балалар әскери бөлімге барудан үзілді-кесілді бас тартты. Енді жоғары жақтың шешімімен Мәскеуге арнайы комиссия аттанатын болды. Арасына Шерхан Мұртаза аттандап отырып бізді қосқызыпты.

Содан не керек, қайтып келе сала етектей мақала жаздық. «Курск иініндегі бұл қай шайқас?» деген тақырып қойдық. Бас редакторымыз мақаланы орысша аудартып ресми хатпен КСРО Қорғаныс министрлігіне жіберген. Соған КСРО Қорғаныс министрі маршал Дмитрий Язов өзі жауап берді. Міне нағыз бас редактор деген халқы үшін қаймықпайтын қаһарман болуы керек десек, Шерхан Мұртаза жарықтық соның нағыз үлгісі еді..

Сейдахмет Бердіқұлов алдына шақырып ақыл айтуға тырыспайтын. Қажетті кабинетке өзі кіретін. Редактордың қатардағы бөлім қызметкерлерінің бөлмесіне баруы – қазіргі қисынға сыймайды. Ол кісі солай істеді.

Кейде іздеген қызметкері дәлізде жолыға қалады. Оған қажетті ақылын айтып жатқанда екінші, үшінші қызметкер келіп тыңдайды. Сөйтіп, бастық үшін лездеме, біз үшін шеберлік сабағы басталып кетеді. Шыны керек, жас журналист кезімізде Бердіқұловтың осы дәліздегі дәрісінен көп нәрсе үйрендік.

Секретариатта қызмет ететін бір журналист Қостанай облысына іссапармен барып келді. Астық жинау науқаны кезінде бір облысқа бір тілшінің барып келуі – міндет. Сосын мақала жазады. Кемінде тұтас бет. Немесе жарты беттен, бірақ бірнеше нөмірге. Сөйтіп, Қазақстанның астықты облыстарындағы егін ору науқаны қалай жүріп жатқанын барлық оқырман білетін. Екінші жағынан, газет қызметкерлерінің жарысы. Кім қалай көсіледі? Қандай шеберлік танытады? Ол бәйге – түптеп келгенде, оқырманның олжасы. Бірінен бірі өтетін мақалалармен газеттің тынысы ашылады. Сосын кейіпкерлердің мәртебесі өседі. Күйіп тұрған науқанның ортасында жүргенінді 300 мың дана газет арқылы кемінде үш миллион адам біліп отырғаны жаман ба? Ақыр аяғында, кемшілік айтылса, оған үкімет шара қолданады. Қазір ғой, қаншама астықты қар басып қалса, ешкімнің қылшығы да қисаймайтыны.

Сонымен ол журналистің де тақырыбы көрнекі қаріптермен терілген, қапысыз безендірілген мақаласы шыққан күні секретариатқа Сейдахмет аға кірді. Атып тұрып, жапырлай сәлем бердік. Сосын бастығымыз әлгі журналистке қарады да:

– «Соғыс және бейбітшіліктің» төрт томын жазған Толстойдың өзі «көркем шежіре жаздым» деген,- деді.

Осыны айтты да редакторымыз кері шығып кетті. Бәріміз сол күнгі нөмірдің екінші бетіне үймеледік. Иә, тақырыптан кейін оған жалғасқан тақырыпшада «сендер туралы көркем шежіренің бір бөлігі ғана» деген жол тұр екен!

Секретариатта қызмет істегенде ол кісі оқып, қол қойған мақалаларды арнайы қараймыз. Қай жерін өзгертті екен деп. Жоқ, ешқашан мәтіндегі сөздерге тиіспейді. Күземейді. Бар болғаны тақырыбын түзеп береді. Ахтанов туралы мақаланың тақырыбын «Айға шағылған найза» деп өзгертіпті. Қырғыздың бас жазушысы туралы мәтел сияқты болып кеткен «Адамзаттың Айтматовы» да – осы кісінің тақырыбы.

Бір кеште нөмірдің беттерін қарап тұрып «мынаның тақырыбын өзгерту керек» деді. Нұсқап тұрғаны Мұзафар Әлімбаев туралы мақала екен. Біздердің тарапымыздан еш ұсыныс болмаған соң «өзін оқиыншы» деп көзәйнегін тақты. Сәлден соң «былай болсын» деп сүйкектетіп жаза салды. Сол қолымен. «Тәуекел танкісіне мініп едің...» Оқып қарасақ, Мұз-ағанның мақалада келтірілген бір шумағында «тәуекел танкісіне мініп едім» деген жол бар екен. Ал «Орманда адасқан қыз» атты мақаланың тақырыбын өзгерту арқылы бүкіл мәнін, мағынасын өзгеше етіп ашып бергені туралы бір тақырыптарға арналған сабақта арнайы сөз етеміз.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Таралуы әртүрлі арналар мәтіні. Бас редактор болмасаң да, ұқсап бақ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

Әбіш Кекілбаев бас редактор болып келгенде бірден әр бөлімнің айлық, тоқсандық жоспарын сұрасын. Бұл да тәуелсіздіктің елең-алаң жылдары. Анда жаңа ақшамыз шығып, мында армиямыз құрылып жатыр. Күнде бір жаңалық. Жоспар жасау қайда? Тісқаққан бөлім меңгерушілері «Әбеке, мына заманда жоспар жасау мүмкін емес. Әр күн өзінің тақырыбын ұсынады, жаңа оқиғалар шығады. Соны зорға беріп үлгереміз» деп құтылмақ болды. Сонда Әбіш Кекілбаевтың мына сөзі құлағымызда қалған: «Әй жігіттер бошалап кеткен інгенін іздеп шыққан адайдың өзі іштей жоспар құрады. Түсте пәленшенің үйінен түстеніп, кешке түгеншенің ауылына жете қонармын деп алдағы жолын мөлшерлеп алады. Ал сендер түйедей газетті қалай жоспарсыз шығармақсындар?»

Беріде саралап отырсақ, Шерхан Мұртаза бас редактор ретінде бізге алға қарай ұмтылуды үйретіпті. Уақыттың өзінің алдына түсуге баулыпты. Ал Әбіш Кекілбаевтың редакторлығы тұсында тереңдікке ден қойдық. Мұны жай сөздермен түсіндірсек мынандай көрініс шығады. Шерхан Мұртазаның уақытында жетпіс жыл кеңес заманы әдейі есмермеген, тіпті қараңғы қапасақ тыққан адамдардың есімін ашу, ауыр тағдырларын және көрген қиындықтарын сөз еттік. Сол арқылы кеңестік жүйенің зымиян саясатын әшкере ету нысанаға алынды.

Шерхан Мұртазадан кейін Бас редактор қызметіне келген Әбіш Кекілбайдың талабы бұдан өзгешерек болды. Ол кісінің редакторлығы тұсында мысал үшін айтсақ, Шәкерімді қалай қуды, кім атып тастады деген тоқталғаннан гөрі сол шерлі акын шығармаларынан мән іздейтін мақалалар жариялана бастады. Тәуелсіздікке қатысты да талаптар осылай еді. Шер-ағаң тұсында газеттің мазмұны төпеп өтетін «ура» деген ұранға байланса, Әбекеңнің кезінде маңайды салмақтап, саралау сосын ғана жүрер жолды айқындау басты мақсат болды.

Міне бас редактор қандай болуы керек дегенді осы мысалдан аңғартатын шығар!

Енді телевизияға басшылық еткен ірі тұлғалардың өнегелері мен тағылымынан да бірер дерек келтіре кетелік. Соның ішінде Хамит Хасенов пен Камал Сейітжанұлы Смайыловтың тұсындағы жаңашылдықты ұмытуға болмайды.

1975-1983 жылдар аралығында Қазақ ССР Телевидение мен радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетті басқарған Хамит Хасенов ұлтымыз үшін көптеген игілікті істерді атқарып кетті. Төраға қазақтың айтулы тұлғаларымен сұхбат ұйымдастыру идеясын ойлап, оны жүзеге асыруды сол кездегі жас тележурналист Сұлтан Оразалиновке сеніп тапсырды. Осы тапсырманың арқасында Қазақ телевизиясының алтын қорына Сәбит Мұқановпен, Ғабит Мүсіреповпен, Ғабиден Мұстафинмен, Ілияс Есенберлинмен, Асқар Тоқпановпен және

Басқа біртуар қаламгер немес өнер тарландарының бейнесі мәңгілікке қосылды. Қазір бұл «Сұхбат» хабары арқылы сақталған бейнекадрларды пайдалану арқылы бірнеше ондаған деректі фильмдер жасалғаны даусыз. Егер Хамит Хасенов төраға ретінде осындай хабар жасалсын деп тапсырма бермесе жоғарыдағы ондаған айтулы адамдарымыздың асыл бейнесі Алтын қорға түспес еді. Міне, ертеңгі күнді ойлап, бүгінгі ардақтап жұмыс істеудің мысалы осындай. Өздерінің алдына болашақта телеарнаны басқаруым керек деп мақсат қойған жастар осылай жұмыс істеуді көкейге түйгендері абзал. Оның үстіне Хамит Хасенов телевизия мен радиохабарлары комитетінің төрғасы болған тұста Қазақстан Кеңес Одағы империясының құрамындағы одақтас республика еді. Демек қандай да қадамға жоғары жақтың, яғни мәскеудің рұқсаты керек. Ал Москва болса мұндай қадамдарды ұлтшылдық деп тануы мүмкін. Екіншіден ол кезде цензура бар.

Жалпы қазіргі журналистер үшін тамаша кезеңде еркін шығармашылықпен айналысып жүргенін сезінбейді. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі алғашқы жарлықтарының бірі Қазақстанда цензураны жойып, баспасөз мен телерадио хабарларын және кітап шығару ісіне қадағалау жасайтын Главлит басқармасын, яғни цензорлар мекемесін тарату туралы еді. Қазір бұл Жарықты көп ешкім бағалай бермейді. Бұл сөз жоқ отандық журналистканы еркіндікке шығарған шешуші қадам еді. Оған дейін жарық көретін газеттің әрбір бетіне, эфирге шығатын әрбір радио мен телехабардың сценарийіне, баспа шығаратын әрбір кітапқа осы цензорлардың рұқсат еткен мөрі қойылатын. Цензор мөрі қойылмаса ондай газет пен кітап жарық көрмейтін, телерадио хабары таратылмайтын.

Енді Хамит Хасеновтің тағы бір батыл қадамы ұлттық дәстүрге негізделген «Алтыбақан» атты бағдарламаны эфирге шығартқаны. Бұл дәстүрді сақтаумен бірге эфирден дәстүрлі әндерді шырқауға мүмкіндік берді. Жас таланттарға тура осы бағдарлама арқылы еркін жол ашылды. Қазақтың аяулы әнші қызы Мәдина Ералиева көпшілікке алғаш осы «Алтыбақан» хабарында шырқаған әнімен танылды.

Хамит Хасеновтың тұсында одақтас республикалар арасында бағдарлама алмасу деген үрдіс болды. Осыны пайдаланып телевизия мен радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасы «Алтыбақан»



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Таралуы әртүрлі арналар мәтіні. Бас редактор болмасаң да, ұқсап бақ
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

хабарын 1980 жылы грузия телевизиясының төрінне шығарды. Ол хабарға қатысқан Фариза Оңғарсынова алтыбақанға тербеліп тұрып өз өлеңдерін оқыса, Татьяна Бурмистрова қазақша әндер шырқады.

Телевизия саласындағы ұлттық кадрларды даярлауға да Хамит Хасенов көп еңбек сіңірді. Қазір қазақ телевизиясының нағыз ардагерлері саналатын Ләскер Сейітов, Құсман Игісінов, Жүрсін Ерманов, Қажы Қорғанов және басқалары осы төрағаның таңдауымен мелекеттік комитетке қызметке шақырылды және өз қабілеттеріне лайықты қызметтер алды. Бұдан кейін Хамит Хасеновтың тұсында келесі толқын өкілдері толық қызметке келіп, шыңдаудан өтті. Олардан Нұртілеу Иманғалиұлы, Мереке Құлкенов, Нұржан Мұхамеджанова, Әділғазы Қайырбеков, Бейбіт Құсанбек сынды талапты таталанты есімдер республика көрермендері мен тыңдармандарына кең таралды.

Қазақ ССР-інің Телевизия мен радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетінің тағы бір төрағасы Камал Сейітжанұлы Смайыловтың басшылық тәсілінен де болашағы бар жастар өнеге алуына болады. Қазір көптің делебесін қоздыратын, ащы шындықтар алаңына айналған «Айтыс» бағдарламасы осы төрағаның тұсында 1984 жылы 11 наурызда тұсауын кесті. Онда бағдарлама форматы бір облыс пен келесі облыс ақындарын айтыстыру түрінде болды. Осы бірінші хабарға Алматы облысы мен сол кездегі Шыскент облысының ақындары шықты. Хабарды Жүрсін Ерман жүргізді және сол күннен бастап қазақ даласындағы телевизиялық қана емес бүкілайтыстардың тізгінін өз қолына мықтап ұстады. Бұл істі ол кісі айтыс ақындары мен жыршылардың республикалық қауымдастығын құру деңгейіне дейін көтеріп әкелді. Ұлттық дәстүрдің тағы бірін негізге алып жасаған «Қымызхана» бағдарламасы да көрермендердің көзайымына айналды. Бұл жанр жағына қазіргі апталық ток-шоу еді. Бірақ өлкеде Кеңес Одағы бойынша ток-шоу деген ұғым санаға сіңірілмеген. Көрермендер әр аптада «Қымызхана» ішінде қандай әңгімелер айтылып, оқмғалар қалай өрбитінін күтіп жүрді.

Камал Смайылов бұған дейінгі «Алтыбақан» хабарын эфирге шығарып жүрген режиссер Лұқпан Есеновтің, ол бағдарламаны жүргізген Лидия Кәденова мен Құдайберген Сұлтанбаевтың жігері мен талантын одан әрі жарқырата ашу үшін «Тамаша» атты хабар жасауды тапсырды. Осылайша қазақ телевизиясының тарихындағы ең рейтингі жоғары деп атуға боларлық жаңа туынды жарқ етті. Ол «Тамашаның» жаңғырығы әлі басылған жоқ. Ара-тұра берілетін үзінділерін жұртшылық тамсана көреді.

Қазақ ССР Телевизия мен радио хабарлары жөніндегі мемлекеттік комитетін басқарып тұрған тұста Камал Смайылов «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты 40 сериялы деректі фильм түсіртті. Оған барлық күш-жігер мен адам ресурсы және техника жұмылдырылды. Бұл бірегей жоба қазақ телевизиясы үшін тарихи рекорд болып саналады. Содан бері бір тақырып аясында мұншалықты көп деректі фильм түсірілген емес. Әрі ондағы кадрлар мен синхрондар нағыз алтын қор болып саналады. Академик, тарих ғылымдарының докторы Манаш Қозыбаев басқарған тарихшылар тобы да алғаш рет консультант ретінде тартылды.

Міне осындай тұлғалардан болашағы бар жастар үлгі алуы керек. Олардың баспасөз бен телевизиядағы жарқын істері ешқашан көмескі тартпақ емес.

Үшінші сабақты пысықтау:

Бас редактор газеттегі әрбір мақаланың мазмұны мен географиясына жауапты.

Ол үшін саясатты, аймақтарды, әлеуметтік жағдайларды, ғылым мен өнерді және басқа салаларды жақсы білуі керек.

Бас редактор бір оқығанда мақаланың қаншалық құнды әрі мәнді екенін аңғарады.

Қазақ журналистикасында Сейдахмет Бердіқұлов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Қалтай Мұхамеджанов сынды қайталанбас бас редакторлар болды.

Бас редактордың мінезі мен өмірік ұстанымдары кейде бірдепін, кейде біртіндеп өзі басқаратын ақпарат құралының бетінен байқалады.

Хамит Хасенов пен Камал Смайылов сынды жаңашыл телевизия басшыларының көптеген істері әлі жалғасын тауып жатыр.